



Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігі төрағасының 2026 жылғы 13 мамырдағы № 58-н/қ. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 15 мамырда № 38717 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарының тізбесі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарының тізбесі.

2. Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің Атомдық қадағалау және бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігі Төрағасының орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1-тармағының 2) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің төрағасы

А. Саткалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі

Қазақстан Республикасының
Атом энергиясы жөніндегі
агенттігінің төрағасы
2026 жылғы 13 мамырдағы
№ 58-н/қ бұйрыққа 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 12 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13468 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау қағидаларында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 10-бабының 1) тармақшасына, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, "Атом энергиясын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 6-бабының 20) тармақшасына сәйкес әзірленді және және атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау тәртібін айқындайды.";

4-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды бастапқы аттестаттау жұмыскер лауазымға тағайындалғаннан кейін бір ай ішінде жүргізіледі.

Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды бастапқы аттестаттаудан өткізу үшін негіз болып жұмыскерді тиісті лауазымға қабылдау немесе ауыстыру туралы заңды тұлға басшылығының өкімдік құжаты (

бұйрығы), радиациялық қауіпсіздік жөніндегі бақылауға, иондаушы сәулелену көздерін есепке алуға және бақылауға жауапты адамдар үшін заңды тұлға басшылығының жауапты болып тағайындау туралы өкімдік құжаты (бұйрығы) табылады.

Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды мерзімді аттестаттау үш жылда бір рет өткізіледі.

Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды кезектен тыс аттестаттау мынадай жағдайларда:

1) атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде оқыс оқиғалар туындағанда – олардың туындауына жол берген адамдарға қатысты;

2) уәкілетті органның тексерулері нәтижесінде анықталған, ядролық және (немесе) радиациялық, және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік талаптары, ядролық материалдарды, иондандырушы сәуле шығару көздерін есепке алу талаптары бұзылғанда – бұзушылыққа жол берген адамдарға қатысты;

3) атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғаның шешімі бойынша;

4) бастапқы немесе мерзімді аттестаттаудан өту бойынша осы Қағидаларда белгіленген мерзімдерді бұзылған жағдайда тағайындалады.

Қайта аттестаттау бастапқы немесе мерзімдік немесе кезектен тыс аттестаттау қорытындылары бойынша теріс нәтиже алған жағдайда тағайындалады.

Бастапқы немесе мерзімдік немесе кезектен тыс аттестаттаудың нәтижелері бойынша теріс нәтиже алған жеке тұлғалар осы тармақтың төртінші бөлігінде көрсетілген бір реттен артық емес және бір айдан кешіктірмей қайта аттестаттауға жіберіледі.

Заңның 21-бабының 6-тармағына сәйкес, егер жұмыскер бастапқы немесе мерзімдік немесе кезектен тыс аттестаттау нәтижелері бойынша теріс нәтиже алған жағдайда, жұмыскер Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес қайта аттестаттау нәтижелері алынғанға дейін жұмыстан шеттетіледі.";

7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"7. Аттестаттау тестілеу және әңгімелесу арқылы өткізіледі.

Әңгімелесу ядролық немесе ядролық материалдармен жұмыс істеу жүзеге асырылатын радиациялық қондырғының бірінші басшысы, оның өндіріс (өндірістік және техникалық мәселелер) жөніндегі орынбасары, ядролық немесе радиациялық қондырғының бас инженері, ядролық материалдармен жұмыс істеу жүзеге асырылатын радиациялық қондырғы кенішінің басшысы, ядролық немесе радиациялық қондырғының ядролық және (немесе) радиациялық қауіпсіздік қызметінің (департаментінің, бөлімінің, басқармасының) басшысы үшін немесе радиациялық қауіпсіздік бойынша бақылауға жауапты адамы үшін жүргізіледі.";

9 және 10-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"9. Аттестатталатын адамдардың санаттары және оларға тест сұрақтары жұмыскердің лауазымдық міндеттеріне, жұмыста пайдаланылатын қондырғылардың, аспаптардың, материалдардың түрлеріне және атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың қызметіне байланысты анықталады.

Аттестатталатын адамдардың санаттары, сұрақтар саны, тест өтті деп тануға негіз болатын дұрыс жауаптардың шекті деңгейі, сондай-ақ тестілеу уақыты осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персонал үшін тестілеу көрсеткішімен анықталады.

10. Әңгімелесу барысында комиссия мүшелері аттестатталатын адамға ядролық, радиациялық, ядролық физикалық қауіпсіздік нормалары мен талаптарын білуін тексеру, сондай-ақ жұмыста пайдаланылатын қондырғылардың, аспаптардың, материалдардың түрлеріне және атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың қызметіне байланысты еңбек міндеттерін атқару кезінде шешімдер қабылдау қабілетін айқындау мақсатында сұрақтар қояды.";

13-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"13. Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды ұсынған жағдайда портал арқылы өтініштің қабылданғанын растауы ретінде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" көрсетілетін сұратуды қабылдау туралы мәртебе болып табылады.";

16-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"16. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған және қолданылу мерзімі өткен құжаттар болмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жұмыскері осы Қағидалардың 15-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде оларды қарастырады, аттестаттаудан өту күні, уақыты және орны туралы хабарламаны немесе мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды дайындайды.

Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойған мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту электрондық құжат нысанында өтініш берушінің "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Тестілеу және әңгімелесу барысы техникалық жазба құралдарының көмегімен тіркеледі.

Техникалық жазба құралдарының көмегімен тіркелген материалдар аттестаттау өткізген сәттен бастап 1 (бір) ай ішінде сақталады.

Тестілеу көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша мемлекеттік немесе орыс тілдерінде автоматтандырылған компьютерлік тәсілмен көрсетілетін қызметті беруші ұсынған орындарда өтеді.

Көрсетілетін қызметті алушы жеке басын куәландыратын құжатты немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжатты (сәйкестендіру үшін) көрсеткен кезде аттестаттауға жіберіледі.

Тестілеу уақытында көрсетілетін қызметті алушылар өзара сөйлеспейді, қандай да бір көмекші ақпараттық материалдарды (анықтамалық, арнайы әдебиет), байланыс құралдарын және электрондық жеткізгіштегі жазбаларды пайдаланбайды.

Көрсетілетін қызметті беруші тестілеуден өту тәртібін бұзу фактісін анықтаған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушыны тестілеу тоқтатылады. Осы бұзушылық фактісі бойынша көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тестілеуден өту тәртібінің бұзылғаны туралы актіні ресімдейді және көрсетілетін қызметті алушыға тестілеудің теріс нәтижесі беріледі.

Тестілеуге бөлінген уақыт өткен соң бағдарлама автоматты түрде жабылады.

Тестілеудің дұрыс жауаптарын есептеу енгізілген компьютерлік бағдарламаның көмегімен автоматты түрде жүргізіледі.

Егер дұрыс жауаптар саны шекті деңгейге тең не одан жоғары болса, онда компьютерлік бағдарлама көрсетілетін қызметті алушыға "тесттен өтті" деген тестілеудің оң нәтижесін мониторға шығарады.

Тестілеу нәтижелері өткен күннен бастап бір ай бойы сақталады. Тестілеудің оң нәтижесін және әңгімелесудің теріс нәтижесін алған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы қайта аттестаттау кезінде тестілеуден қайта өтуден босатылады.

Егер дұрыс жауаптар саны шекті деңгейден төмен болса, онда компьютерлік бағдарлама "тесттен өтпеді" деген тестілеудің теріс нәтижесін мониторға шығарады және көрсетілетін қызметті алушы әңгімелесуге жіберілмейді.

Әңгімелесу сұрақ-жауап түрінде өткізіледі. Көрсетілетін қызметті алушыға 10 сұрақ қойылады.

Егер көрсетілетін қызметті алушы 7 және одан көп сұраққа жауап берсе, әңгімелесуден өткен болып саналады.

Егер көрсетілетін қызметті алушы 6 және одан аз сұраққа жауап берсе, әңгімелесуден өтпеген болып саналады.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау туралы куәлікті беруден бас тарту туралы алдын ала шешімге өз ұстанымын білдіруге (тыңдауға) мүмкіндік береді, ол туралы көрсетілетін қызметті алушы шешім қабылданғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етіледі.

Тыңдау рәсімі Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес жүргізіледі.

Әңгімелесу және (немесе) тестілеу нәтижелері және тыңдау нәтижелері бойынша Комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды;

- 1) біліктілігі мен кәсіби даярлық деңгейі атқаратын лауазымына сәйкес келеді;
- 2) біліктілігі мен кәсіби даярлық деңгейі атқаратын лауазымына сәйкес келмейді.

Комиссияның шешімін комиссия хатшысы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналға аттестаттау жүргізу комиссиясы отырысының қорытындысы түрінде ресімдейді.

Комиссия көрсетілетін қызметті алушының біліктілігі мен кәсіби даярлығы деңгейінің атқаратын лауазымына сәйкестігі туралы шешім қабылдаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті берушінің басшысы қол қойған, атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау туралы куәлікті (бұдан әрі – куәлік) жібереді.

Комиссия көрсетілетін қызметті алушының біліктілігі мен кәсіби даярлығы деңгейінің атқаратын лауазымына сәйкес келмейтіні туралы шешім қабылдаған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті алушының біліктілігі мен кәсіби даярлығы деңгейінің атқаратын лауазымына сәйкес келмейтіні туралы комиссия қорытындысы жіберіледі.

Егер көрсетілетін қызметті алушы осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген хабарламада көрсетілген мерзімде аттестаттаудан өтуге дәлелсіз себеппен келмеген болса, онда аталған адам аттестаттаудың теріс нәтижесін алған болып саналады және комиссия көрсетілетін қызметті алушының біліктілігі мен кәсіби даярлығы деңгейінің атқаратын лауазымына сәйкес келмейтіні туралы шешім қабылдайды.

Егер көрсетілетін қызметті берушінің хабарламасында көрсетілген мерзімде аттестаттауға дәлелді себептер бойынша (науқастануы, іссапар, демалыс, оқу орындарында оқуы) келмеген жағдайда және көрсетілетін қызметті алушының тарапынан туындаған дәлелді себеп және құжаттамалық растау туралы хабарлама жіберілген кезде мерзімді өткізу себебі болған мән-жайлардың қолданылуы тоқтатылғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидалардың 4-тармағының 3) тармақшасы негізінде көрсетілетін қызметті берушіге кезектен тыс аттестаттаудан өтуге өтініш жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы туындаған дәлелді себеп туралы хабарламаны көрсетілетін қызметті берушіге аттестаттауды өткізу мерзімі өтіп кеткен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей еркін нысанда жібереді.";

18-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"18. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтерді көрсету кезеңіндегі мәліметтердің мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізілуін қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде мемлекеттік қызмет көрсету сатысындағы деректер автоматты түрде мемлекеттік қызмет көрсетуді бақылаудың ақпараттық жүйесіне беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық актіні бекіткен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына жібереді және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары интернет-ресурстарының www.gov.kz бірыңғай платформасында "Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі" бөлімінде орналастырады.";

24-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"24. Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап (15) он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.";

көрсетілген Қағидаларға 3-қосымша осы тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 6-қосымша осы тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 7-қосымша осы тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Ядролық және (немесе) радиациялық қауіпсіздік, және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 9 ақпандағы № 45 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13538 болып тіркелген):

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Атом энергиясын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 10) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

Ядролық қауіпсіздік және (немесе) радиациялық қауіпсіздік, және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу қағидаларында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Ядролық қауіпсіздік және (немесе) радиациялық қауіпсіздік, және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 10-бабының 1) тармақшасына (бұдан әрі – Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы заң), "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, "Атом энергиясын пайдалану туралы" (бұдан әрі – Заң) Қазақстан Республикасы Заңы 6-бабының 10) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Ядролық қауіпсіздік және (немесе) радиациялық қауіпсіздік, және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.";

8, 9 және 10-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"8. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде түседі.

Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы Нормативтік құқықтық актіні бекіткен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Бірыңғай байланыс орталығына енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары интернет-ресурстарының www.gov.kz бірыңғай платформасында "Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі" деген бөлімде орналастырады.

9. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым кімнің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған Көрсетілетін қызметті берушіге беріледі.

Шешімі, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған Көрсетілетін қызметті беруші, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды қанағаттандыратын шешім қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы шешім қабылданған кезде шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған Көрсетілетін қызметті беруші шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен Көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен Көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

10. Көрсетілетін қызметті беруші шешімінің нәтижелерімен келіспеген жағдайда Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы заңның 4-бабының 6) тармақшасына сәйкес сотқа жүгінеді.";

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымша осы тізбеге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Көліктік қаптама комплектілерінің конструкцияларын бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 9 ақпандағы № 51 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13549 болып тіркелген):

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Көліктік қаптама комплектілерінің конструкцияларын бекіту, сондай-ақ басқа елдердің уәкілетті органдары бекіткен Қазақстан Республикасының аумағында оларға сертификаттар-рұқсаттар күшін қолданылуын тарату туралы қағидаларын бекіту туралы";

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

""Атом энергиясын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 27) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Көліктік қаптама комплектілерінің конструкцияларын бекіту, сондай-ақ басқа елдердің уәкілетті органдары бекіткен Қазақстан Республикасының аумағында оларға сертификаттар-рұқсаттар күшін қолданылуын тарату туралы қағидалары бекітілсін.";

Көліктік қаптама комплектілерінің конструкцияларын бекіту, сондай-ақ басқа елдердің уәкілетті органдары бекіткен Қазақстан Республикасының аумағында оларға сертификаттар-рұқсаттар күшін қолданылуын тарату туралы қағидаларында:

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Көліктік қаптама комплектілерінің конструкцияларын бекіту, сондай-ақ басқа елдердің уәкілетті органдары бекіткен Қазақстан Республикасының аумағында оларға сертификаттар-рұқсаттар күшін қолданылуын тарату туралы қағидалары";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Көліктік қаптама комплектілерінің конструкцияларын бекіту, сондай-ақ басқа елдердің уәкілетті органдары бекіткен Қазақстан Республикасының аумағында оларға сертификаттар-рұқсаттар күшін қолданылуын тарату туралы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабының 1) тармақшасына, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, "Атом энергиясын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 27) тармақшасына сәйкес әзірленді және көліктік қаптама комплектілерінің конструкцияларын бекіту тәртібін айқындайды.";

2-тарау жаңа редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Көліктік қаптама комплектілерінің конструкцияларын бекіту, сондай-ақ басқа елдердің уәкілетті органдары бекіткен Қазақстан Республикасының аумағында оларға сертификаттар-рұқсаттар күшін қолданылуын тарату тәртібі";

8, 9, 10-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"8. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде түседі.

Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы Нормативтік құқықтық актіні бекіткен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Бірыңғай байланыс орталығына енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары интернет-ресурстарының www.gov.kz бірыңғай платформасында "Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі" деген бөлімде орналастырады.

9. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым кімнің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған Көрсетілетін қызметті берушіге беріледі.

Шешімі, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған Көрсетілетін қызметті беруші, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды қанағаттандыратын шешім қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы шешім қабылданған кезде шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған Көрсетілетін қызметті беруші шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен Көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен Көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

10. Көрсетілетін қызметті беруші шешімінің нәтижелерімен келіспеген жағдайда Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы заңның 4-бабы 6) тармақшасына сәйкес сотқа шағымданады.";

көрсетілген Қағидаларға 3-қосымша осы тізбеге 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 4-қосымша осы тізбеге 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 5-қосымша осы тізбеге 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 6-қосымша осы тізбеге 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. "Атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі №123 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20323 болып тіркелген):

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

""Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН .";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Атом энергиясы пайдаланылатын объектілердің өмірлік цикл кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындауға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Ядролық материалдармен жұмыс істеуге арналған лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Радиоактивті заттармен, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеуге арналған лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Иондандырушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеуге арналған лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметтерді көрсетуге арналған лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес "Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес "Ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, иондаушы сәулеленудің радиоизотоптық көздерін, радиоактивті қалдықтарды транзиттік тасымалдауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы аумағының шегінде тасымалдауға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес "Бұрынғы ядролық сынақ полигондары аумақтарындағы және жүргізілген ядролық сынақтар салдарынан ластанған басқа да аумақтардағы қызметке арналған лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Атом энергиясы пайдаланылатын объектілердің өмірлік циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындауға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларында:

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Атом энергиясы пайдаланылатын объектілердің өмірлік цикл кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындауға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары";

1, 2, 3 және 4-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Атом энергиясы пайдаланылатын объектілердің өмірлік цикл кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындауға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Атом энергиясы пайдаланылатын объектілердің өмірлік цикл кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындауға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) Бірыңғай байланыс орталығы – мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті орган айқындаған, көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсету мәселелері бойынша – ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік органдарға ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат беру жөніндегі ақпараттық-анықтамалық қызмет функцияларын орындайтын заңды тұлға;

2) лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның электрондық нысаны – рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесін пайдалана отырып ресімделетін және алынатын, қағаз жеткізгіштегі рұқсатпен мәні бірдей электрондық құжат нысанындағы рұқсат;

3) мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініш жасауы бойынша немесе өтініш жасауынсыз жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі немесе олардың жиынтығы;

5) "электрондық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

6) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) – электрондық нысанда көрсетілетін ақылы қызметтер көрсету шеңберінде төлемдер жүргізу туралы ақпаратты беру процесін автоматтандыратын ақпараттық жүйе;

7) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің Атомдық қадағалау және бақылау комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 5-қосымшада келтірілген "Атом энергиясы пайдаланылатын объектілердің өмірлік цикл кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындауға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі) 8-тармағында көрсетілген мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттарды портал арқылы жолдайды.";

6, 7, 8 және 9-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады және лицензиялау және персоналдың біліктілігі басқармасына қарауға береді.

Көрсетілетін қызметті алушы еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

7. Лицензиялау және персоналдың біліктілігі басқармасының қызметкері мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық болуын және қолданылу мерзімін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынбаған және (немесе) олардың қолданылу мерзімі өткен жағдайда, лицензиялау және персоналдың біліктілігі басқармасының қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды.

Өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің басшысының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынған және қолданылу мерзімі өткен құжаттар болмаған жағдайда, лицензиялау және персоналдың біліктілігі басқармасының қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде құжаттар топтамасы және (немесе) мәліметтер мен бастапқы тексеру туралы қорытындысын рұқсат беру бақылауын жүргізу және лицензия берудің ерекше шарттарын белгілеу үшін талдау, мемлекеттік бақылау және техникалық кооперация басқармасына және материалдарды бақылау және халықаралық кепілдіктер басқармасына жібереді.

8. Талдау, мемлекеттік бақылау және техникалық кооперация басқармасының, материалдарды бақылау және халықаралық кепілдіктер басқармасының және лицензиялау және персоналдың біліктілігі басқармасы қызметкерлері құжаттар топтамасы және (немесе) мәліметтер түскен сәттен бастап лицензия берудің ерекше шарттарын және көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 122 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10022 болып тіркелген) бекітілген атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптарына (бұдан әрі – Біліктілік талаптары) және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне сәйкестігін немесе сәйкес еместігін анықтайды, оның нәтижелері бойынша аталған басқармалардың қызметкерлері қорытынды дайындайды.

9. Көрсетілетін қызметті беруші қорытындылардың нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушының Біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі анықталған кезде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тарту туралы алдын ала шешім дайындайды.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тарту туралы алдын ала шешімге өз ұстанымын білдіруге (тыңдауға) мүмкіндік береді, ол туралы көрсетілетін қызметті алушы шешім қабылданғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етіледі.

Тыңдау рәсімі ҚР ӘРПК-ге сәйкес жүргізіледі.

Құжаттар топтамасын, қорытындыны қарау қорытындылары және тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру туралы немесе лицензияны және (немесе) қосымшаны беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Лицензиялау және персоналдың біліктілігі басқармасының қызметкері лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тарту туралы шешімді алғаннан кейін осы Қағидаларға 7 және 8-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны (бұдан әрі – лицензия және (немесе) лицензияға қосымша) немесе мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды дайындайды.

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің басшысының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.";

12-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"12. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде лицензиялау және персоналдың біліктілігі басқармасының қызметкері мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың, мәліметтердің толық болуын және (немесе) ұсынылған құжаттардың тиісінше ресімделуін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын, мәліметтерді толық ұсынбаған және (немесе) ұсынылған құжаттар тиісінше ресімделмеген кезде лицензиялау және персоналдың біліктілігі басқармасының қызметкері мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды дайындайды.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің басшысының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын, мәліметтерді ұсынған және (немесе) ұсынылған құжаттарды тиісінше ресімдеген кезде лицензиялау және персоналдың біліктілігі басқармасының қызметкері лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны дайындайды.

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің басшысының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 3-тармағында көрсетілген мерзімде жүзеге асырылады.";

18-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"18. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде келіп түседі.

Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық актіні бекіткен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына жібереді және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары интернет-ресурстарының www.gov.kz бірыңғай платформасында "Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі" бөлімінде орналастырады.";

көрсетілген Қағидаларға 5-қосымша осы тізбеге 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 6-қосымша осы тізбеге 10-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 7-қосымша осы тізбеге 11-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 8-қосымша осы тізбеге 12-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Ядролық материалдармен жұмыс істеуге арналған лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларында:

1, 2 және 3-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Ядролық материалдармен жұмыс істеуге арналған лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Ядролық материалдармен жұмыс істеуге арналған лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) Бірыңғай байланыс орталығы – мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті орган айқындаған, көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсету мәселелері бойынша – ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік органдарға ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат беру жөніндегі ақпараттық-анықтамалық қызмет функцияларын орындайтын заңды тұлға;

2) лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның электрондық нысаны – рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесін пайдалана отырып ресімделетін және алынатын, қағаз жеткізгіштегі рұқсатпен мәні бірдей электрондық құжат нысанындағы рұқсат;

3) мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініш жасауы бойынша немесе өтініш жасауынсыз жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі немесе олардың жиынтығы;

5) "электрондық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және

квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

6) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) – электрондық нысанда көрсетілетін ақылы қызметтер көрсету шеңберінде төлемдер жүргізу туралы ақпаратты беру процесін автоматтандыратын ақпараттық жүйе;

7) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің Атомдық қадағалау және бақылау комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.";

6, 7, 8 және 9-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады және лицензиялау және персоналдың біліктілігі басқармасына қарауға береді.

Көрсетілетін қызметті алушы еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүтінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

7. Лицензиялау және персоналдың біліктілігі басқармасының қызметкері мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық болуын және қолданылу мерзімін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынбаған және (немесе) олардың қолданылу мерзімі өткен кезде лицензиялау және персоналдың біліктілігі басқармасының қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды.

Өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің басшысының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынған және қолданылу мерзімі өткен құжаттар болмаған кезде лицензиялау және персоналдың біліктілігі басқармасының қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде құжаттар топтамасы және (немесе) мәліметтер мен бастапқы тексеру туралы қорытындысын лицензия берудің ерекше шарттарын белгілеу және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару және (немесе) бақылау субъектісін

шақыру тәртібімен рұқсат беру бақылауын жүргізу үшін талдау, мемлекеттік бақылау және техникалық кооперация басқармасына, материалдарды бақылау және халықаралық кепілдіктер басқармасына және ядролық физикалық қауіпсіздік басқармасына жібереді.

8. Талдау, мемлекеттік бақылау және техникалық кооперация басқармасының, материалдарды бақылау және халықаралық кепілдіктер басқармасының, ядролық физикалық қауіпсіздік басқармасының және лицензиялау және персоналдың біліктілігі басқармасының қызметкерлері құжаттар топтамасы және (немесе) мәліметтер түскен сәттен бастап лицензия берудің ерекше шарттарын және көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 122 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10022 болып тіркелген) бекітілген атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптарына (бұдан әрі – Біліктілік талаптары) және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне сәйкестігін немесе сәйкес еместігін анықтайды, оның нәтижелері аталған басқармалардың қызметкерлері қорытынды дайындайды.

9. Көрсетілетін қызметті беруші қорытындылардың нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушының Біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі анықталған кезде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тарту туралы алдын ала шешім дайындайды.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тарту туралы алдын ала шешімге өз ұстанымын білдіруге (тыңдауға) мүмкіндік береді, ол туралы көрсетілетін қызметті алушы шешім қабылданғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етіледі.

Тыңдау рәсімі ҚР ӘРПК-ге сәйкес жүргізіледі.

Құжаттар топтамасын, қорытындыны қарау қорытындылары және тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру туралы немесе лицензияны және (немесе) қосымшаны беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Лицензиялау және персоналдың біліктілігі басқармасының қызметкері лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тарту туралы шешімді алғаннан кейін осы Қағидаларға 7 және 8-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны (бұдан әрі – лицензия және (немесе) лицензияға қосымша) немесе мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды дайындайды.

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің басшысының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.";

12-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"12. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде лицензиялау және персоналдың біліктілігі басқармасының қызметкері мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың, мәліметтердің толық болуын және (немесе) ұсынылған құжаттардың тиісінше ресімделуін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын, мәліметтерді толық ұсынбаған және (немесе) ұсынылған құжаттар тиісінше ресімделмеген кезде лицензиялау және персоналдың біліктілігі басқармасының қызметкері мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды дайындайды.

7) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің Атомдық қадағалау және бақылау комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.";

6, 7, 8 және 9-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады және лицензиялау және персоналдың біліктілігі басқармасына қарауға береді.

Көрсетілетін қызметті алушы еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

7. Лицензиялау және персоналдың біліктілігі басқармасының қызметкері мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық болуын және қолданылу мерзімін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынбаған және (немесе) олардың қолданылу мерзімі өткен кезде лицензиялау және персоналдың біліктілігі басқармасының қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімнің ішінде, осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды.

Өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің басшысының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынған және қолданылу мерзімі өткен құжаттар болмаған кезде лицензиялау және персоналдың біліктілігі басқармасының қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде бастапқы тексеру туралы қорытындыны қоса бере отырып, құжаттар топтамасын лицензия берудің ерекше шарттарын белгілеу және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару және (немесе) бақылау субъектісін шақыру тәртібімен рұқсат беру бақылауын жүргізу үшін талдау, мемлекеттік бақылау және техникалық кооперация басқармасына жібереді.

8. Талдау, мемлекеттік бақылау және техникалық кооперация басқармасының және лицензиялау және персоналдың біліктілігі басқармасының қызметкерлері құжаттар топтамасы және (немесе) мәліметтер түскен сәттен бастап лицензия берудің ерекше шарттарын және көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 122 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10022 болып тіркелген) бекітілген атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптарына (бұдан

әрі – Біліктілік талаптары) және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне сәйкестігін немесе сәйкес еместігін анықтайды, оның нәтижелері бойынша аталған басқармалардың қызметкерлері қорытынды дайындайды.

9. Көрсетілетін қызметті беруші қорытындылардың нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушының Біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі анықталған кезде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тарту туралы алдын ала шешім дайындайды.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тарту туралы алдын ала шешімге өз ұстанымын білдіруге (тыңдауға) мүмкіндік береді, ол туралы көрсетілетін қызметті алушы шешім қабылданғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етіледі.

Тыңдау рәсімі ҚР ӘРПК-ге сәйкес жүргізіледі.

Құжаттар топтамасын, қорытындыны қарау қорытындылары және тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру туралы немесе лицензияны және (немесе) қосымшаны беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Лицензиялау және персоналдың біліктілігі басқармасының қызметкері лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тарту туралы шешімді алғаннан кейін осы Қағидаларға 9 және 10-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны (бұдан әрі – лицензия және (немесе) лицензияға қосымша) немесе мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды дайындайды.

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.";

12-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"12. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін лицензиялау және персоналдың біліктілігі басқармасының қызметкері мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың, мәліметтердің толық болуын және (немесе) ұсынылған құжаттардың тиісінше ресімделуін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын, мәліметтерді толық ұсынбаған және (немесе) ұсынылған құжаттар тиісінше ресімделмеген кезде лицензиялау және

персоналдың біліктілігі басқармасының қызметкері мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды дайындайды.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің басшысының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын, мәліметтерді толық ұсынған және (немесе) ұсынылған құжаттарды тиісінше ресімдеген кезде лицензиялау және персоналдың біліктілігі басқармасының қызметкері лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны дайындайды.

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің басшысының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 3-тармағында көрсетілген мерзімде жүзеге асырылады.";

18-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"18. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде келіп түседі.

Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық актіні бекіткен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына жібереді және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары интернет-ресурстарының www.gov.kz бірыңғай платформасында "Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі" бөлімінде орналастырады.";

көрсетілген Қағидаларға 7-қосымша осы тізбеге 22-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 8-қосымша осы тізбеге 23-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Бұрынғы ядролық сынақ полигондары аумақтарындағы және жүргізілген ядролық сынақтар салдарынан ластанған басқа да аумақтардағы қызметке арналған лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларында:

1, 2 және 3-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Бұрынғы ядролық сынақ полигондары аумақтарындағы және жүргізілген ядролық сынақтар салдарынан ластанған басқа да аумақтардағы қызметке арналған лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Бұрынғы ядролық сынақ полигондары аумақтарындағы және жүргізілген ядролық сынақтар салдарынан ластанған басқа да аумақтардағы қызметке арналған лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) Бірыңғай байланыс орталығы – мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті орган айқындаған, көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсету мәселелері бойынша – ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік органдарға ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат беру жөніндегі ақпараттық-анықтамалық қызмет функцияларын орындайтын заңды тұлға;

2) лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның электрондық нысаны – рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесін пайдалана отырып ресімделетін және алынатын, қағаз жеткізгіштегі рұқсатпен мәні бірдей электрондық құжат нысанындағы рұқсат;

3) мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініш жасауы бойынша немесе өтініш жасауынсыз жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі немесе олардың жиынтығы;

5) "электрондық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

6) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) – электрондық нысанда көрсетілетін ақылы қызметтер көрсету шеңберінде төлемдер жүргізу туралы ақпаратты беру процесін автоматтандыратын ақпараттық жүйе;

7) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның

тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің Атомдық қадағалау және бақылау комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.";

6, 7, 8 және 9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады және лицензиялау және персоналдың біліктілігі басқармасына қарауға береді.

Көрсетілетін қызметті алушы еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

7. Лицензиялау және персоналдың біліктілігі басқармасының қызметкері мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық болуын және қолданылу мерзімін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынбаған және (немесе) олардың қолданылу мерзімі өткен кезде лицензиялау және персоналдың біліктілігі басқармасының қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды.

Өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің басшысының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынған және қолданылу мерзімі өткен құжаттар болмаған кезде лицензиялау және персоналдың біліктілігі басқармасының қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде бастапқы тексеру туралы қорытындыны қоса бере отырып, құжаттар топтамасын лицензия берудің ерекше шарттарын белгілеу және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару және (немесе) бақылау субъектісін шақыру тәртібімен рұқсат беру бақылауын жүргізу үшін талдау, мемлекеттік бақылау және техникалық кооперация басқармасына жібереді.

8. Талдау, мемлекеттік бақылау және техникалық кооперация басқармасының және лицензиялау және персоналдың біліктілігі басқармасының қызметкерлері құжаттар топтамасы және (немесе) мәліметтер түскен сәттен бастап лицензия берудің ерекше шарттарын және көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 122 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10022 болып тіркелген) бекітілген атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптарына (бұдан әрі – Біліктілік талаптары) және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне сәйкестігін немесе сәйкес еместігін анықтайды, оның нәтижелері бойынша аталған басқармалардың қызметкерлері қорытынды дайындайды.

9. Көрсетілетін қызметті беруші қорытындылардың нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушының Біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі анықталған кезде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тарту туралы алдын ала шешім дайындайды.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тарту туралы алдын ала шешімге өз ұстанымын білдіруге (тыңдауға) мүмкіндік береді, ол туралы көрсетілетін қызметті алушы шешім қабылданғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етіледі.

Тыңдау рәсімі ҚР ӘРПК-ге сәйкес жүргізіледі.

Құжаттар топтамасын, қорытындыны қарау қорытындылары және тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру туралы немесе лицензияны және (немесе) қосымшаны беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Лицензиялау және персоналдың біліктілігі басқармасының қызметкері лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тарту туралы шешімді алғаннан кейін осы Қағидаларға 9 және 10-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны (бұдан әрі – лицензия және (немесе) лицензияға қосымша) немесе мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды дайындайды.

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.";

12-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"12. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде лицензиялау және персоналдың біліктілігі басқармасының қызметкері мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың, мәліметтердің толық болуын және (немесе) ұсынылған құжаттардың тиісінше ресімделуін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын, мәліметтерді толық ұсынбаған және (немесе) ұсынылған құжаттар тиісінше ресімделмеген кезде лицензиялау және персоналдың біліктілігі басқармасының қызметкері мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды дайындайды.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің басшысының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын, мәліметтерді толық ұсынған және (немесе) ұсынылған құжаттарды тиісінше ресімдеген кезде лицензиялау және персоналдың біліктілігі басқармасының қызметкері лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны дайындайды.

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің басшысының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 3-тармағында көрсетілген мерзімде жүзеге асырылады.";

18-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"18. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде келіп түседі.

Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық актіні бекіткен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына жібереді және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары интернет-ресурстарының www.gov.kz бірыңғай платформасында "Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі" бөлімінде орналастырады.";

көрсетілген Қағидаларға 7-қосымша осы тізбеге 24-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 8-қосымша осы тізбеге 25-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
1-қосымша
Атом энергиясы
пайдаланылатын объектілерде
жұмыс істейтін персоналды
аттестаттау қағидаларына
3-қосымша

**"Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау"
мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі**

1.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау
2.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің Атомдық қадағалау және бақылау комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
3.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	жоқ
4.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	Мемлекеттік қызмет көрсету құжаттарын қабылдау және нәтижелерін беру "электрондық үкіметтің" www.egov.kz (бұдан әрі – портал) веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.
5.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	10 (он) жұмыс күні
6.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған).
7.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау туралы куәлік, көрсетілетін қызметті алушының біліктілігі мен кәсіби даярлығы деңгейінің атқаратын лауазымына сәйкес еместігі туралы комиссияның қорытындысы не осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген жағдайлар мен негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

		Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.
8.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет ақысыз негізде көрсетіледі.
9.	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс графигіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; 2) портал – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (қызмет алушы жұмыс уақыты аяқталған соң, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).
10.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; 2) лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың электрондық көшірмесі; 3) атқаруы лауазымға жүктелетін функциялардың нақты тізбесін қамтитын жұмыс берушінің актісінің электрондық көшірмесі; 4) заңды тұлға басшылығының жауапты болып тағайындау туралы өкімдік құжаты (бұйрығы) (радиациялық қауіпсіздік жөніндегі бақылауға және иондаушы сәулелену көздерін есепке алуға және бақылауға жауапты адамдар үшін талап етіледі). Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы

		мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.
11.	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік көрсетілетін қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер	1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған құжаттардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 12 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13468 болып тіркелген) Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау қағидаларының талаптарына сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы; 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнаулы құқығынан айырылуы; 5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.

12.

Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысан арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

1) Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары: www.egov.kz — мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасының "Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі" деген бөлімдегі "Көрсетілетін қызметтер" кіші бөлімінде; порталда орналастырылған;

2) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар;

3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтан қол жеткізу режимінде порталдағы " жеке кабинеті", сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар;

4) портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде нашар көретіндерге арналған нұсқа қолжетімді;

5) мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары www.egov.kz — мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасының "Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі" деген бөлімнің "Көрсетілетін қызметтер" кіші бөлімінде көрсетілген. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
2-қосымша
Атом энергиясы
пайдаланылатын объектілерде

жұмыс істейтін персоналды
аттестаттау қағидаларына
6-қосымша
Нысан

Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналға аттестаттау жүргізу комиссиясы отырысының № қорытындысы

Астана қаласы 20__ жылғы " __ " _____

Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттаудан өткізу үшін қолданыстағы 20__ жылғы " __ " __ №__ бұйрық негізінде

жұмыс істейтін аттестаттау комиссиясы құрамында:

Комиссия төрағасы: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)

Комиссия мүшелері: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)

Тестілеу нәтижесін қарастырып

ШЕШТІ: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

біліктілігі мен кәсібі даярлық деңгейі атқаратын лауазымына сәйкес келеді/сәйкес келмейді.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
3-қосымша
Атом энергиясы
пайдаланылатын объектілерде
жұмыс істейтін персоналды
аттестаттау қағидаларына
7-қосымша
Нысан

Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау туралы куәлік

Осы куәлік Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің Атомдық қадағалау және бақылау комитетінің Аттестаттау комиссиясының шешімімен біліктілігі мен кәсіби даярлық деңгейі атқаратын лауазымына сәйкес келеді деп танылған

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы

_____ берілді.

Куәлік: ____ жылдың " __ " _____ дейін жарамды
 (мерзімі көрсетіледі)
 Тіркеу нөмірі: № _____
 Берілген күні " __ " _____ 20__ жыл
 Басшы (уәкілетті тұлға) _____
 (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)) (қолы)

Қазақстан Республикасы
 Энергетика министрінің
 өзгерістер енгізілетін кейбір
 бұйрықтарының тізбесіне
 4-қосымша
 Ядролық қауіпсіздікті және
 (немесе) радиациялық
 қауіпсіздікті және (немесе)
 ядролық физикалық қауіпсіздікті
 тексеруді жүзеге асыратын
 ұйымдарды аккредиттеу
 қағидаларына 2-қосымша

"Ядролық қауіпсіздік және (немесе) радиациялық қауіпсіздік, және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

1.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Ядролық қауіпсіздік және (немесе) радиациялық қауіпсіздік, және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу
2.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің Атомдық қадағалау мен бақылау комитеті (бұдан әрі – Көрсетілетін қызметті беруші).
3.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	жоқ
4.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	"Электрондық үкіметтің" веб-порталы: www.egov.kz (бұдан әрі – Портал).
5.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	20 (жиырма) жұмыс күні.
6.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған).
		Ядролық қауіпсіздік және (немесе) радиациялық қауіпсіздік және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүзеге

7.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	асыратын ұйымдарды аккредиттеу туралы куәлік не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту . Ядролық қауіпсіздікті және (немесе) радиациялық қауіпсіздікті сараптауды және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздікті жүзеге асыратын ұйымды аккредиттеу туралы куәліктің қолданылу мерзімі үш жылды құрайды. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық.
8.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі – Көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.
9.	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	1) Көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс графигіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; 2) Портал – тәулік бойы, техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталған соң, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).
		1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық түрдегі өтініш; 2) аккредиттеу саласында немесе аккредиттеу саласына тікелей байланысты қызметте кемінде бес жыл практикалық жұмыс тәжірибесінің болуын растайтын

10.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	құжаттардың электрондық көшірмелері; 3) білімі туралы мәліметтер; 4) тиісті аккредиттеу саласындағы персоналдың біліктілігін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері (аккредиттеу саласына сәйкес теориялық және практикалық даярлықтан өткендігі туралы біліктілігін растайтын сертификаттар, куәліктер) (бар болған жағдайда); 5) мәлімделген жұмыс түрлерін орындауға арналған бағдарламалық-техникалық құралдардың және (немесе) есептеу әдістерінің электрондық көшірмелері. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, білімі туралы мәліметтерді Көрсетілетін қызметті беруші ақпараттық жүйелерде мәліметтер болған кезде "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.
		1) Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; 2) Көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған құжаттардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 9 ақпандағы № 45 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13538 болып тіркелген) Ядролық қауіпсіздік және (немесе) радиациялық қауіпсіздік, және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

11.	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік көрсетілетін қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер	3) "Атом энергиясын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабы 5-тармағының 3) тармақшасының талабына сәйкес Көрсетілетін қызметті алушы персоналы біліктілігінің мәлімделген аккредиттеу көлеміне сәйкес келмеуі; 4) "Атом энергиясын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабы 5-тармағының 4) тармақшасының талабына сәйкес мәлімделген аккредиттеу саласының есептеу әдістері мен бағдарламалық құралдары арасындағы сәйкессіздік; 5) Көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы; 6) Көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімі бар, оның негізінде Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқығынан айырылған; 7) Көрсетілетін қызметті алушының Мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.
		1) мемлекеттік қызметтерді көрсету орындарының мекенжайлары: мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында – www.egov.kz, "Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі" Көрсетілетін қызметтер" кіші бөлімінде; Портал орналастырылған; 2) Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда Портал арқылы электрондық

12.	Мемлекеттік қызметтерді көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де талаптар, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтер	нысанда мемлекеттік қызметті алу мүмкіндігі бар; 3) Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар; 4) Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде нашар көретін адамдарға арналған нұсқасы қолжетімді; 5) мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары www.egov.kz – мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасының "Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі" деген бөлімнің "Көрсетілетін қызметтер" кіші бөлімінде көрсетілген. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777.
-----	--	---

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
5-қосымша
Көліктік қаптама
Комплектілерінің
конструкцияларын бекіту,
сондай-ақ басқа елдердің
уәкілетті органдары бекіткен
Қазақстан Республикасының
аумағында оларға
сертификаттар-рұқсаттар күшін
қолданылуын тарату туралы
қағидаларына 3-қосымша

"Көліктік қаптама комплектілерінің конструкциясын бекіту, сондай-ақ басқа елдердің уәкілетті органдары бекіткен Қазақстан Республикасының аумағында оларға сертификаттар-рұқсаттар күшін қолдану" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

--	--	--

1.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Көліктік қаптама комплектілерінің конструкциясын бекіту, сондай-ақ басқа елдердің уәкілетті органдары бекіткен Қазақстан Республикасының аумағында оларға сертификаттар-рұқсаттар күшін қолдану
2.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің Атомдық қадағалау және бақылау комитеті (бұдан әрі – Көрсетілетін қызметті беруші).
3.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	жоқ
4.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	"Электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – Портал).
5.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	20 (жиырма) жұмыс күні.
6.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған).
7.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	Көліктік қаптама комплектілерінің конструкциясын бекіту немесе басқа елдердің уәкілетті органдары бекіткен Қазақстан Республикасының аумағында оларға сертификаттар-рұқсаттар күшін қолдану туралы Көрсетілетін қызметті берушінің бұйрығы, не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.
8.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – Көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.
		1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс

9.	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	графигіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; 2) портал – тәулік бойы, техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталған соң, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).
		1) көліктік қаптама комплектілерінің конструкциясын бекіту үшін: осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; 2) В (U) типті, С типті көліктік қаптама комплектілерінің конструкциясын және уран гексафторидін бекіту үшін мынадай құжаттардың электрондық көшірмесі: физикалық және химиялық құрамы және сәулелену сипаты көрсетілген болжамды радиоактивті құрамның толық сипаттамасы; инженерлік-техникалық құжаттаманың (сызбалардың) толық жинағын, пайдаланылатын материалдардың тізбесін және дайындау әдістерін қоса алғанда, көліктік қаптама комплектілерінің конструкциясының толық сипаттамасы; жүргізілген сынақтар және олардың нәтижелері туралы акт; көліктік қаптама комплектілерін пайдалану және оны пайдаланған уақытта қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықтар; егер көліктік қаптама комплектілерінің 100 килоПаскальға тең манометрлік қысымнан асып түсетін максималды қалыпты жұмыс қысымына есептелген болса, қорғауыш қабықша жүйесінің

10.

Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

конструкциялық материалдарының, іріктеуге жоспарланған сынамалардың және ұсынылатын сынақтардың толық сипаттамасы;

егер болжамды радиоактивті құрам сәулеленген отын болса, онда қауіпсіздікті талдау кезінде жасалған отынның сипаттамасына қатысты кез келген жорамалдың негіздемесі және шығарған елдің талаптарына сәйкес талап етілетін тасымал алдындағы кез келген өлшеулердің сипаттамасы;

көліктің әралуан түрлерін және тасымалдайтын құралдың немесе жүк контейнерінің типін пайдалануды ескере отырып, көліктік қаптама комплектілерден жылуды қауіпсіз бұрып әкету үшін қажет салудың кез келген арнайы шарттарының сипаттамасы;

көліктік қаптама комплектілерінің құрастыруын сипаттайтын, өлшемі 21х30 сантиметрден артық емес қалпына келтіру үшін жарамды графикалық бейне;

3) В (М) типті көліктік қаптама комплектілерінің конструкциясын бекіту үшін осы тармақтың 2) тармақшасында талап етілетін мәліметтерден бөлек:

тасымалдау кезінде қолданылуға жататын, қаптаманың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін немесе кемшіліктердің орнын толтыру үшін талап етілетін пайдалануды бақылаудың ұсынылған кез келген қосымша шаралары туралы мәліметтерді;

көлік түріне қатысты кез келген шектеулер туралы және жүк тиеудің, тасымалдаудың, түсірудің немесе өңдеудің кез келген арнайы рәсімдері туралы мәліметтерді;

тасымалдау кезінде күтілетін және конструкцияда ескерілген сыртқы орта жағдайлары (температура, күн инсоляциясы) ауқымының өзіндік ерекшелігін ұсыну қажет;

4) басқа елдердің уәкілетті органдары бекіткен Қазақстан

		Республикасының аумағында көліктік қаптама комплектілерінің конструкциясына сертификаттар-рұқсаттар күшін қолдану үшін: осы Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;; басқа елдің уәкілетті органы бекіткен көліктік қаптама комплектілерінің конструкциясына сертификат-рұқсаттың есепке алынған көшірмесі; көліктік қаптама комплектілерінің тасымалдау кезіндегі радиациялық қорғау бағдарламасының егжей-тегжейлі сипаттамасы ұсынылады. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді Көрсетілетін қызметті беруші ақпараттық жүйелерде мәліметтер болған кезде "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.
11.	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік көрсетілетін қызметті	1) Көрсетілетін қызметті алушының Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; 2) Көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 9 ақпандағы № 51 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13549 болып тіркелген) бекітілген Көліктік қаптама комплектілерінің конструкцияларын бекіту қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

	және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер	3) Көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы; 4) Көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы, оның негізінде Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнайы құқығынан айырылады. 5) Көрсетілетін қызметті алушының Мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.
12.	Мемлекеттік қызметтерді көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де талаптар, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтер	1) мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары: мемлекеттік органдар интернет-ресурстарының www.gov.kz бірыңғай платформасының "Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі" деген бөліміндегі "Көрсетілетін қызметтер" деген кіші бөлімінде; Порталда орналасқан; 2) Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар; 3) Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар; 4) Портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде нашар

		көретіндерге арналған нұсқа қолжетімді; 5) мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары мемлекеттік органдардың www.gov.kz интернет-ресурстарының бірыңғай платформасының "Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі" деген бөліміндегі "Көрсетілетін қызметтер" деген кіші бөлімінде көрсетілген. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777.
--	--	---

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
6-қосымша
Көліктік қаптама
комплектілерінің
конструкцияларын бекіту, сондай-ақ
басқа елдердің уәкілетті органдары
бекіткен Қазақстан Республикасының
аумағында оларға
сертификаттар-рұқсаттар күшін
қолданылуын тарату туралы
қағидаларына
4-қосымша
Нысан

[МО атауы (мемлекеттік тілде)] МО реквизиттері мемлекеттік тілде		[МО атауы (орыс тілінде)] МО реквизиттері орыс тілінде
Өтінімді одан әрі қараудан/мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту		
Нөмірі: [РҚ нөмірі] Берілген күні: [РҚ берілген күні]		[Көрсетілетін қызметті алушының атауы]
[МО атауы], Сіздің [Өтінім берген күн] № [Өтінім нөмірі], өтініміңізді қарап, хабарлайды.		
[Бас тарту себебі]		
[Қол қоюшының лауазымы]	[Қол қоюшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)]	

[Қол қоюшының лауазымы]	[Қол қоюшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)]
-------------------------	--

[Қол қоюшының лауазымы]	[Қол қоюшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)]
-------------------------	--

[illegible]

"Атом энергиясы пайдаланылатын
объектілердің өмірлік цикл кезеңдеріне
байланысты жұмыстарды орындауға
лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет қағидаларына
5-қосымша

"Атом энергиясы пайдаланылатын объектілердің өмірлік цикл кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындауға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

1.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Атом энергиясы пайдаланылатын объектілердің өмірлік цикл кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындауға лицензия беру
2.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің Атомдық қадағалау және бақылау комитеті.
3.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	1) ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтардың сақтау қоймаларын салу; 2) ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтардың сақтау қоймаларын пайдалану; 3) ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтардың сақтау қоймаларын пайдаланудан шығару; 4) ядролық қондырғыларды орналастыру, салу, пайдаланудан

		шығару кезінде жұмыстарды және жобаларды басқару.
4.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жоғарыда көрсетілген барлық кіші түрлерімен бірге "электрондық үкіметтің" www.egov.kz www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
5.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	1) заңды тұлға-лицензиат бөліп шығару және бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны берген кезде, оның ішінде лицензия және (немесе) лицензияға қосымша қайта ресімделген кезіндегі – 20 (жиырма) жұмыс күні; 2) заңды тұлға-лицензиат бөліп шығару және бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуді қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеген кезінде – 3 (үш) жұмыс күні.
6.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жоғарыда көрсетілген барлық кіші түрлерімен бірге электрондық (ішінара автоматтандырылған).
7.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті жоғарыда көрсетілген барлық кіші түрлерімен бірге көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.
		Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жоғарыда көрсетілген барлық кіші түрлерімен бірге қызметті алушыларға ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсеткен кезде көрсетілетін қызметті алушының тіркелген жері бойынша бюджетке жекелеген

8.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым төленеді: 1) осы қызмет түрімен айналысу құқығы үшін лицензияны беру кезінде лицензиялық алым 100 айлық есептік көрсеткішті құрайды; 2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензияны беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 %-ын құрайды; 3) лицензияға қосымшаларды (лицензияға қосымшалардың төлнұсқаларын) беру кезінде лицензиялық алым алынбайды. Төлем қолма-қол ақшалай және қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, сондай-ақ порталда "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылады.
